



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

3. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай», 2014. – 640 б.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 35-38: Батырлар жыры. – 2006.

ӘӨЖ 81'373.46

АВТОМЕТАФОРАЛАРДЫҢ БҮГІНГІ ӘДЕБИ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ («Қырымның қырық батыры» жыры негізінде)

Абдиров Өркен

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан,
orken1996@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – Кенжалин Қ.К.

Қазіргі уақытта әдеби тіліміздегі сөздер тек өзінің түпкі, яғни тура мағынасында бола бермейтіні анық. Олай болса, олардың ауыспалы мағынада жүруі де белгілі бір уәжділікке сүйенеді, не соған ұқсатады, не соның белгілі бір бөлігінен бүтін бейне жасайды, не заттың қызметіне қарай сөзді келесі бір ұғыммен ұштастырады. Сөз мағыналарының берілуіне қарай Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев сөздің атауыш (номанитив) мағынасына меңзеу, ауыс, нақты және дерексіз, ал сөздің шығу тегіне байланысты мағыналарын түпкі және туынды мағына, сөздердің тіркесу сипатына байланысты туған мағынаны еркін, фразеологиялық байлаулы және синтаксистік шартты мағына [Қалиев, Болғанбаев 2006: 73-80] деп жіктеп, сөздің ауыспалы мағынасы ретінде бір заттың негізгі атауыш (тура) мағынасын басқа бір затқа атау етіп ауыстырып қолдану деп көрсетеді. Ал Қ.Сәрекенова: «Сөздер ауыспалы мағынада қолданғанда оны қалай болса солай жасалынбайды. Қазақ тілінің өз заңдылығына сүйеніп отырып дамиды», - дей келе, «Сөзді ауыспалы мағынада қолданудың бірнеше тәсілі бар», - деп, оларға метафора, метонимия, синекдоха, сөздердің қызмет бірлігі бойынша ауысуын жатқызады. Бұл бөлініске біз де келісеміз. Әдеби тілдегі автометафоралардың қолданысын айтпас бұрын, оған берілген анықтамаларға тоқталып өтсек. «Әдеби тіл дегеніміз – жалпыхалықтық тілдің хатқа түскен, белгілі бір дәрежеде өңделген ерекше түрі» [Будагов 1961: 24]. Ал М.Балақаевша: «Әдеби тіл – жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп, екшеледі. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды» [Балақаев 1965:10]. Қазақтың төл әдеби тілін дәуірлеу мәселелесіне келгенде, Қазақ Совет Энциклопедиясында берілген «Қазақ әдебиетінің ертедегі нұсқалары» деген мақалада түркі тілдес халықтар мен қазақ ру-тайпаларының әдеби туындыларын мынадай тарихи дәуірлерге бөліп қарайды:

- 1.IV-VIII ғ. – түркі дәуіріндегі әдебиет;
- 2.IX-XII ғ. – мұсылман дәуіріндегі әдебиет;
- 3.XIII-XIV ғ. – Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет;
- 4.XV-XVIII ғ. – Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет [Қазақ Совет Энциклопедиясы 1975: 233].

Қарастырылып отырған жырдағы тарихи оқиғалар Алтын Орда дәуіріне тұспа-тұс келгендіктен ондағы әдеби тілдің де мерзімі сол шамада екені анық. Ал жырдың 1942 жылы Алматы қаласында атақты Мұрын жырау Сеңгірбекұлынан (Тілеген Сеңгірбекұлы) жазылып алынғаны рас болса, ондағы тілдік бірліктердің өзгеріске түскенін ескергеніміз жөн. Алайда жырдың лексикалық құнары соншалықты өзгерді дей алмаймыз. Сондықтан қазіргі әдеби тілімізбен салыстыруымыз орынды.

Белгілі бір тілдегі сөздер өзі беретін ұғыммен бірге қосымша мағыналарға ие болып, сөз мағыналары өзгеріп, ауысып отырады. Сөз мағыналарының ауысуының ішкі (лингвистикалық) және сыртқы (экстралингвистикалық) себептері болады. Сөздердің нақтылықтан дерексіздікке, яғни абстрактілі затқа айналуы, жалпылықтан жалқылыққа ауысуы және ұғымның жіктеліп саралануы – сөз мағынасының өзгеруіне әкелетін

себептердің бірі. Зерттеу нысанымыз болып отырған «Қырымның қырық батыры» жырындағы ауыспалы мағыналы сөздерді зерттей келе, жырдағы қолданылу формалары сараланды.

Ал біздің мақалада қарастыратын мәселеміз – автометафоралардың бүгінгі әдеби тілдегі көрінісі. Автометафоралар дегеніміз – метафораның тілдік және поэтикалық болып жіктелген және соның кейінгісінің зерттелуі қазақ тіл білімінде кенжелеп тұрған саласы. Еуразия ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының доценті Қ.Сәрекенованың пікірі бойынша: «Соңғы кездері поэтикалық метафораның тағы бір түрі ретінде автометафоралар қарастырылып жүр. Автометафора дегеніміз – ақынның өзін метафорамен көрсетуі. Мәселен,

Мен – тауда ойнаған қарт марал

Табаным тасқа тиер деп

Сақсынып шыққан қияға... (Махамбет)» [Сәрекенова 2010: 34].

Төл әдеби тіліміздегі қолданысы жағынан кей лексикалық бірліктердің уақытында индивидуалды метафоралар арқылы жасалып, тұрақтала келе фразеологизмге айналғандығын байқаймыз. Мысалы, *қан жұтты* - Құса болды, қатты қайғырды [Кеңесбаев 2007: 408]. Мысалы: Қайғыланып қан жұтты. Жараттың, Алла, не етерге?! [Бабалар сөзі Т.50: 237]; *қабырғасы сөгілді* - беркесі кетті, быт-шыт болды; қатты қайғырды, мейлінше, қинала қайғырды [Кеңесбаев 2007: 390]. Мысалы: Қабырғасы сөгілді, Көзінің аққан жастары, Тамшыдай жерге төгілді [Бабалар сөзі Т.51: 254]. Сол сияқты автометафораларды белгілі бір автордың суреттеуімен сол сөздер оның бейнесін айқындайтындай поэтикалық портрет жасап кетеді. Бұл жағынан алғанда жоғарыда аталған индивидтің белгілі бір тіркесті арнайылап қолданғанына ұқсайды. Себебі жырдан байқағанымыздай, әр батырдың өзінің жеке автометафоралары қалыптасқан. Автометафоралар лексикалық бірлік ретінде қаралмай, тек мағыналардың ауысу тәсілі ретінде қарастырылатындықтан, оларға деген жеке сөздік те жоқ. Алайда әдеби шығармаларды тудырушылардың автометафорлар жасауға деген әрекеттеріне қарай отырып, мұндай тәсілдермен берілген мағыналарды ашып көрсетіп, автометафораларды жинақтау қажеттілігі туған сияқты. Әрине бұл мәселеге біз тілдік тұрғыдан қарап отырғанымызды ескерген жөн. Ал мағыналық жағынан жырдан жинақталған автометафораларды төмендегідей топтарға бөліп қарастыруға болады.

I Қайғылану. Мысалы:

Ағайын, іні менде жоқ,

Жақын жерде елім жоқ

Мен – бір жүрген сор маңдай

“Тиім” дегенің маған бұл қалай? [Бабалар сөзі Т.50:12] – деп 3 реттік жиілікпен берілген автометафорада кейіпкер өзін суреттеу барысында мадақтау мағынасында емес, ағайынсыз тұлданып қалғандығы жөнінде баяндаса,

Алмаймын мен сені,

Өлтірмесен, жаным, өзімді.

Майданда жатқан мен қаріп,

Сен бір не күн көрерсің? [Бабалар сөзі Т.50:12] – деген үзіндіде тура мағынасындағы мүмкіндігі шектеулі емес, амалсыздан шарасыздыққа ұшырап жатқандығын бейнелейді.

Мысалы: Менің немді сұрайсың?

Құлыным кетіп далаға

Қысырықтай жамыраған,

Қозылы қойдай маңыраған,

Құлынымнан айырылып,

Мен сорлымын аңыраған [Бабалар сөзі Т.51:130]. Ал бұл автометафора бір қарағанда адам баласын өзге бір жануарға балап, астарлау арқылы берілген тұрақты метафораға ұқсағанымен, жіктік жалғауының бірінші жақта берілу арқылы автометафора екендігін айқындап тұр. Бұдан өзгесінің ең басты ерекшелігі де – осы. Алайда бұл барлық автометафоралар жекеше мағынада ғана беріледі деген сөз емес. Оның көпше, жекешеліктен көптікке өту формасында және керісінше де өту формасы бар. Оған мысал ретінде төмендегі

автометафораны көрсетуге болады.

Маған жолдасым сен болсаң,
Асыл бір туған данасың.
Адам біздей пақыр болар ма?
Біз секілді пақырға,
Жарқыным, не деп барасың? [Бабалар сөзі Т.50: 13]

II Мадақтау. Мысалы:

Мен – ақ сұңқар құстың баласы,
Қанатын қақпай қу алған.
Мен қаһарланып ұмтылсам,
Тасыған дария суалған [Бабалар сөзі Т.50: 121].

Берілген автометафорада «мен – ақ сұңқар құстың баласы» дей отырып, кейіпкер өзінің текті батыр екендігін айқындай түседі.

Мысалы:

Менің атым – Нұрадың,
Асылымның несін сұрадың,
Тұрсың ба қамап, қалмағым?
Болмасын сорлы арманың.
Сен қоралаған қой едің,
Мен ашыққан тарлан бөрі едім [Бабалар сөзі Т.50: 114].

«Бөрі» сөзін қолдану арқылы өзін суреттеген кейіпкер, анығында, ауыспалы мағынасы «жуас» деген ұғымды беретін *қоймен* салыстырыла берілген. Бөрі сөзі әдебиетте символикалық белгіні білдірсе, тілдегі мағынасы этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырғанда, түркі тайпасының тотемі бейнесінде кездестіреміз. Бұл сөздің мағынасы жалпыхалықтық тілде түсінікті. Қолданыста көбінесе жоғарыда айтылғандай тотемдік мағынада қолданылады. «Бөрі» ұғымы ер адамды сипаттау немесе адам қасиеттерін беруде бұған дейін де қолданылғанын төмендегі мысал арқылы аңғаруға болады: Bögi – 1.қасқыр: bögi qoj bila suvladi ol ödün – сол уақытта қасқыр мен қойлар бірге суатқа барды («Құтты білік»); 2.ауыспалы: tilkü-mü togdi azu bögi-mü – түлкі туылды ма әлде қасқыр ма? [Древнетюркский словарь 1969: 118]. Демек, бұл *bögi* сөзінің автометафора ретінде бұған дейін де және осы заманда да активті қолданыста екендігін байқауға болады. *Bögi* ұғымының екінші атауы (табу) - «көк ала». Төмендегі мысалда бөрінің тек өзі ғана емес, қасиет тұтылатын көзін де автометафора ретінде қолданады.

Мен – Мұса ханның баласы.
Менің атым – хан Мамай,
Қасымдағы – Орағым,
Өзімнің егіз қарағым,
Көк аланың көзімін,
Өшпенді жаудың өзімін,
Қайтпайтын қара болатым,
Сермесе, кеспей қалмаған [Бабалар сөзі Т.50: 121].

III Жалпылықтан жалқылыққа өту. Мысалы:

Білмей ме екен адамзат
Өзінің қайрат-шамасын?
Мен байтақ жатқан ел едім,
Жерім айдын шалқар көл еді [Бабалар сөзі Т.50: 23].

Мысалы: Мен – ноғайдың елімін,

Елден шыққан ерімін,
Айқайлаған бөрімін.
Тәуекел етіп жол шықтым
Енді, ындыс, көрермін [Бабалар сөзі Т.50:121].

Жоғарыда келтірілген екі мысалда да кейіпкер өзін бүтіндей бір елдің бейнесінде

суреттейді. Бұл қолданыс бізге ауыз әдебиеті арқылы жеткен Қазыбектің жоңғар қонтайшысы Цеван Рабданға айтқаны немесе Бұқар жыраудың «Керей, қайда барасың?» жырындағы елдің атынан сөйлеуде ұқсастық табады. Қолданыстағы ұлт немесе жекелей тайпа атауы жағдайға байланысты өзгеріп отырғанмен, мұндай қолданыс бүгінгі күнде де кездесіп жатады.

IV Арақатынасты білдіретін автометафоралар.

Мысалы: Атадан қалған, анажан,

Мен едім тұяқ балаңыз [Бабалар сөзі Т.51: 254].

Мысалы: – Әй, жан атам, жан атам,

Мен де сізден туған балапан [Бабалар сөзі Т.51: 175].

Жоғарыда берілген автометафораларды кейіпкердің келесі бір кейіпкерге қатыстылығын білдіру үшін мағынаны беру тәсілі әдебиеттегі литотаға ұқсас болғанымен, біз тілдік тұрғыдан алғандықтан, автометафораға жатқызамыз. Осы күндегі *тұяғы, балапаны* деген сөздердің тілді қолданушылар үшін ұрпағы (ұлы не қызы) мағынасында екенін айтпасақ та түсінікті.

Сонымен, қазақ төл әдеби тіліндегі мағынаны ауыспалы түрде беру үрдісінде, индивидтің өзін сипаттау тәсілдерінде автометафораның жиі қолданыс тауып жүргенін жырды негізге ала отырып көз жеткіздік. Әдеби тіліміздегі сөздерді топтастырып, олардың мағыналық түрлеріне қарай сөздіктер жасалғанын білеміз. Ал сол мағыналарды жасаушы түрлі тәсілдердің осы уақытқа дейінгі қалыптарын жинақтап, зерттеу нысанына айналдыру антропоцентристік бағытта дамып жатқан бүгінгі тіліміздің алар асуларының бірі болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 50-51. – Астана: «Фолиант», 2008.
2. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965.
3. Будагов Р.А. Проблемы изучения романских литературных языков. – М., 1961.
4. Древнетюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969.
5. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
6. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, 2006.
7. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 6 том, 1975.
8. Саркенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы: Оқулық. – Астана, 2010.

ӘОЖ 82-15

ШӘКӘРІМ ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Ағали Әйгерім Сәрсетайқызы

aiger.agalieva@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті мамандығының 1 курс магистранты, Астана Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ғ. А. Түсіпбекова

Тұрақты тіркестер жалпыхалықтық тілдің сан ғасыр бойы жинақталған асыл қазынасы болып табылады. Сондықтан бейнелілігі де, экспрессивті-эмоционалды әсері де күшті болады. Қай ақын-жазушы болса да, фразеологизмдерді қолданудан бас тартпаған. Шәкәрімнің тіл өрнегін танытатын көркем де бейнелі фразеологизмдер қазақ әдеби тілін, көркем әдебиет тілін, поэтикасын соны образдармен байытқан. Шығармаға көркем бейнелілік пен ұлттық ажар беретін айрықша стильдік құрал ретіндегі фразеологизмдердің Шәкәрім тілінде алатын орны айрықша.

Фразеологизмдер – барлық тілдерге тән құбылыс. Сол үшін де осы бейнелі сөз орамдары әлем тілдерінде кеңінен зерттеліп келеді. Соның ішінде қазақ тіл біліміндегі